

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізуге байланысты Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 18 тамыздағы № 95 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 25 және 45-баптарына сәйкес, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Кеден қызметі басшылары кеңесінің 2017 жылғы 14 маусымдағы № 11/65 шешімімен бекітілген өзгерістерді енгізуге байланысты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 5903 90 910 0 кіші позициясының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"— — бет жағын құрайтын тоқыма материалдары бар туынды целлюлозадан немесе басқа да пластмассадан";

б) ЕАЭО СЭҚ ТН 8427 тауар позициясының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ашалы қысқышы бар автотиеуіштер; көтергіш немесе тиеп-түсіру жабдықтарымен жарактандырылған өзге тіркемелер:";

в) ЕАЭО СЭҚ ТН 8427 10 қосалқы позицияның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"— электр қозғалтқышынан жеткізгіші бар өздігінен жүретін көтергіш немесе тиеп-түсіру жабдықтарымен жарактандырылған тиеуіштер мен тіркемелер:";

г) ЕАЭО СЭҚ ТН 8427 20 қосалқы позицияның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"— өзге де өздігінен жүретін көтергіш немесе тиеп-түсіру жабдықтарымен жарактандырылған тиеуіштер мен тіркемелер:";

д) ЕАЭО СЭҚ ТН 8427 20 110 0 кіші қосалқы позицияның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"— — — тегіс емес жерге арналған ашалы қысқышы бар автотиеуіштер, штабелдеуші автотиеуіштер және көтергіш немесе тиеп-түсіру жабдықтарымен жарактандырылған тіркемелер";

е) ЕАЭО СЭҚ ТН 8427 90 000 қосалқы позицияның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"— көтергіш немесе тиеп-түсіру жабдықтарымен жарактандырылған өзге тиеуіштер мен тіркемелер:";

ж) ЕАЭО СЭҚ ТН 8516 тауар позициясы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ағынды немесе жинақтауыш (ыдыстық) электрлік су жылытқыштар және батырмалы электр жылытқыштар; кеңістікті жылытатын және топырақты жылытатын электр жабдығы, шашты күтуге арналған электр термиялық аппараттар (мысалы шаш кептіргіштер, бигудилер, ыстықтай бұйралайтын қыстырғыштар), қол кептіргіштер; электр үтіктер; өзге де тұрмыстық электр жылытқыш приборлар; 8545 тауар позициясында көрсетілгендерден басқа электр жылытқыш қарсылықтар:".

2. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 16 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі оларға қатысты кедендік әкелу бажының ставкасын өзгерту туралы шешім қабылдайтын сезімтал тауарлар тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 5903 90 910 0 кіші қосалқы позициясының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"— — — бет жағын құрайтын тоқыма материалдары бар туынды целлюлозадан немесе басқа да пластмассадан".

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының ставкалары қолданылатын жекелеген тауарлардың және осындай ставкалар мөлшерінің тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 8427 10 қосалқы позициясының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"— электр қозғалтқышынан жеткізгіші бар өздігінен жүретін көтергіш немесе тиеп-түсіру жабдықтарымен жарактандырылған тиеуіштер мен тіркемелер".

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян